

Көлтабан селолық округі әкімінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 11 "Көлтабан селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 15 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда № 4126 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Көлтабан ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көлтабан селолық округі әкімінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № 11 «Көлтабан селолық округі құрамындағы бөліктеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-135 тіркелген, 2011 жылғы 22 қарашадағы «Жем-Сағыз» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«Көлтабан ауылдық округі құрамындағы бөліктеріне (қыстақтарға) атаулар беру туралы» ;

шешімнің мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша «селолық» сөздері тиісінше «ауылдық» сөзімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көлтабан ауылдық округі әкімі

С.Бітімбай